ЖАРАЛҒАН НАМЫСТАН,
ҚАҺАРМАН ХАЛЫҚПЫЗ...

Газет
1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады

№ 8 (1292)
қазан
2000 жыл

Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

25 қазан - Қазақстан Республикасы күні

Арайлап таңым,
асқақтап тауым,
Ән ойнап көгім,
күй тартты көлім.
Қол жетті, міне,
аңсаған күнге,
Жасай бер, жаса,
қазағым менің!..

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

26 қыркүйекте университет Ғылыми кеңесінің 2000-2001 оқу жылындағы алғашқы мәжілісі өтті.

Мүнда 1999-2000 оқу жылының қорытындылары және 2000-2001 оқу жылына арналған университет ұжымының міндеттері туралы ректор Көпжасар Нәрібаев баяндама жасады. Одан кейін магистратураға және бакалавриатқа қабылдау қорытындылары хақында оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор М.К.Орынхановтың және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Б.М.Мұхамедиевтің хабарламалары тыңдалды. Одан соң магистратура мамандықтарының типтік жоспарға көшірілуіне байланысты мемлекеттік стандарттар мен оқу жоспарларын талдау турасында магистрлік дайындық бөлімінің жетекшісі Р.Н.Матакова хабарлама жасады.

Көтерілген мәселелерге қатысты академиктер З.Қабдолов, Я.Ә.Әубәкіров, ҚР ҒА мүше-корреспонденті, профессор М.М.Әбділдин және профессор Н.Омашевтар өз пікірлерін ортаға салды.

РЕКТОРАТ

10 қазанда университет ректоратының кезекті мәжілісі өтті.

Онда өндіріске ғылыми жетістіктерді енгізу жағдайы туралы Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың орынбасары В.Н.Уваровтың хабарламасы тыңдалды. Хабарлама талқыланғаннан кейін жатақханалардағы халықтық дружиналар мен студенттер кеңесінің қызметі және оны ұйымдастыру хақында тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Л.С.Ахметова сөз сөйледі. Бұл саладағы толғақты мәселелер ортаға салынған соң студенттердің Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагерінде жүргізілген жұмыс қорытындылары жайында емдеу-сауықтыру лагерінің директоры К.Б.Мәдиевтің хабарламасы тыңдалды.

Мәжілісте тыңдалып, талқыланған мәселелерді қорытындылай келе ректорат қаулы қабылдады.

Жетістігіміз мол, атқарылар іс те аз емес

1999-2000 оқу жылының қорытындылары және 2000-2001 оқу жылына арналған университет ұжымының міндеттері

Көпжасар НӘРІБАЕВ, ректор

Жұмыс қорытындысы республикалық баспасөзде жарияланып, көпшіліктің қолдауына ие болған Мемлекеттік аттестациялау комиссиясы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің республика көлеміндегі ерекше орнын және тәуелсіз Қазақстан үшін жоғары сапалы мамандар дайындайтын басты оқу ордасы екенін айрықша атап өтті. Осындай үлкен қуанышқа тағы бір қуаныш қосылды. Ол - Қазақстан Республикасы үкіметінің университеттің жоғары білім беру саласындағы еңбегін жоғары бағалап, 49 мемлекеттік және 100-ден астам жеке жоғары оқу орындарының арасынан ерекшелеп - Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ерекше мәртебесі жөніндегі қаулы қабылдауы.

Мұндай жоғары баға университет ұжымының ұзақ жылдар бойғы еселі еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта мұндай нәтижеге масаттанып қоймай, университетті әлемдік деңгейге көтеру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруымыз керек.

1. Мәртебеге масаттанбай, әлемдік деңгейге ұмтыламыз

Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті тарихында ерекше орын алатын өткен оқу жылында тәуелсіз Қазақ мемлекетінің жоғары білім сапасын көтеруге арналған жоғары оқу орындарын аттестациялау сынынан сүрінбей өтіп, өзіне тиісті биіктен көріне білді.

2. Жаңа жүйе - тың міндеттер жүктейді

Студент қабылдаудың жаңа моделі жоғары оқу орындарының мәртебесін іс жүзінде сынаған шара болды. Университет бұл сыннан да мүдірмей өтті.

Өткен оқу жылында 1218, биыл 1340 грант пен несиеге ие болған талапкердің жоғары білімді ұлттық университетте алуға бел буғаны біз үшін үлкен мәртебе. Жалпы университет бойынша 1 курсқа қабылданған студенттердің саны өскенімен, жаңа жүйе кейбір факультеттердің ұжымына үлкен салмақ түсіруде.

Бұндай жағдайдың негізгі себебі - деканаттардың және кафедралардың мамандыққа бағдарлау жұмыстарын нашар жүргізуі. Мысалы, студенттер арасында жүргізген сауалнама бойынша 1-курсқа түскен студенттердің 10% астамы өз мамандығы туралы ештеңе білмейтінін мойындады.

Қабылдаудың жаңа жүйесі грант пен несиеге ие болған студенттер мен олардың ата-аналарына таңдау мүмкіндігін берді. Сондықтан олар енді білікті мамандары бар, кітапханасы бай, оқулықтармен толық қамтамасыз етілген, материалдық-техникалық базасы мықты оқу орындарын іздейтіні сөзсіз.

Сапа мәселесін оқу үлгерімінен нақты көруге болады. Бұрынғыдай пайыз қумасақ та, басқа көрсеткішті әзірге енгізе қоймағандықтан, осы мәселеге көңіл бөлсек. 1999-2000 оқу жылының қорытындысы бойынша университеттегі орташа көрсеткіш 70 пайыз болды. Грантпен түскен студенттерді үлгерімі 84 пайыз, ал несиемен түскен студенттер 76 пайыз көрсеткішіне жетіп отыр. Биология, география, тарих, журналистика факультеттерінің және экономика және құқық институтының үлгерімдері орташа көрсеткіштен біршама төмен. Ең жоғарғы үлгерім философия және химия факультеттерінде (86-84 пайыз). Оқу жылын "өте жақсыға" аяқтаған студенттердің саны жөнінен жоғары көрсеткіш халықаралық қатынастар факультетінде, ал "қанағаттанарлық" бағамен аяқтағандардың саны экономика және құқық институтында көбірек.

Келісім-шартпен оқитын студенттердің оқу үлгерімі университет

(Жалғасы 2-бетте)

Көпжасар НӘРІБАЕВ, ректор:

Жетістігіміз мол, атқарылар іс те аз емес

1999-2000 оқу жылының қорытындылары және 2000-2001 оқу жылына арналған университет ұжымының міндеттері

бойынша 55 пайыз. Міне осы топ бүгінгі күні бізді ерекше алаңдатады. Жеке жұмысты талап ететін бұл топпен деканаттар жұмысты ойдағыдай ұйымдастырмай отыр. Сондықтан болар өткен оқу жылында университеттен 588 студет оқудан шығарылды, олардың 478 келісім-шартпен оқитындар.

3. Оқу жоспарларында олқылық болмасын...

Сапалы білім беру үшін ең қажетті нәрсе - ол білім берудің жалғастығын, пәнаралық сабақтастықты сақтай отырып, мамандықтың қажеттігін ескере жасалған оқу жоспарлары. Өкінішке орай кейінгі кезде жүрдім-бардым, ақылдаспай жасалған. Әдетте бір адамның ғана қолынан шыққан экспертизадан өтпеген оқу жоспарларын әдістемелік бөлім атүсті' қарап, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынып отырды. Сонымен бірге асығыс және негізсіз жаңа мамандық ашу да кең етек алып барады. Жеткілікті мамандарсыз, қажетті оқу-әдістемелік құжаттарсыз, тіпті кейде лицензиясыз жаңа мамандықтар ашыла бастады. Осындай кемшіліктерге жол бермеу және оқу-әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру, әрі бір-бірімен тығыз байланыстыру үшін жаратылыстану және гуманитарлық факультеттердің жеке оқу-әдістемелік бөлімдері ашылды. Естеріңізде болса бұл сынды аттестациялық комиссия да айтқан болатын.

4. Оқулықтар мен оқу құралдары басты назарда

Оқу сапасына әсер ететін факторлардың бірі - қажетті оқулықтар мен оқу құралдарының жеткілікті дәрежеде болуы. Кейінгі жылдары біз бұл мәселеге ерекше көңіл бөлудеміз. Өткен оқу жылында кітапханаға ғылыми әдебиеттер мен мерзімді басылымдарды алу үшін 16 млн. теңге бөлінді. Сонымен бірге "Қазақ университеті" баспасының да материалдық базасын нығайтуға көңіл бөлінуде. Ұзақ жылдар бойы дайын еңбекті басуға қаржы жоқ деп келсек, енді оқулықтардың баспаға жетуі қиын болып тұр.

Қазақша оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуін баса айтар едім. Университет бойынша дайындалған 283 оқу-әдістемелік құралдың 99-ы ғана қазақша, яғни 30%-ке жуығы ғана. 1999 жылы баспадан шыққан 110 оқулықтың 50-ге жуығы ғана оқу жоспарындағы пәндерді қамтамасыз етуге арналған. Ал қалғандары арнайы курстар мен жалпы курстардың бір бөлігін ғана қамтиды. Бұл мәселеге аттестациялық комиссия да көңіл бөліп, механика-математика, география факультеттерінде оқулықтардың жетіспейтінін, соның ішінде қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшылығын атап өткен еді. Қазақ тіліндегі оқулықтарды көбейту қазақ тілін дамыту мәселесімен тығыз байланысты. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге арналған шаралардың жүйелі түрде жүргізілуіне қарамастан, әлі де болса тиісті деңгейде атқарылмай жатқан сүбелі де қомақты істердің ең бастысы - қазақ тілін оқытуды жақсарту және іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу екендігі өмірдің өзі айқындаған шындық.

Оқу жоспарларында бар әлеуметтік-гуманитарлық блокқа кіретін пәндерді де сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі шешілмей келеді. Соған қарағанда, біздің Қазақстан тарихы, саясаттану, әлеуметтану, философия сияқты беделді кафедраларымыз жеке оқу орындары немесе шағын колледждер шығарған оқулықтармен сабақ жүргізгісі келетін сияқты.

5. Оқу сапасы оқытушыға байланысты

Оқу сапасына әсер ететін екінші бір фактор - жоғары білімді мамандардың оқу үрдісін қамтамасыз етуі. Өткен оқу жылында университеттегі оқу процесіне 1314 оқытушы қатысты. Олардың 210-ы ғылым докторы, 638-і ғылым кандидаттары. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу институттарынан 159 ғылым докторы, профессорлар, 275 ғылым кандидаттары шақырылды. Бірақ білікті мамандардың санының көптігіне қарамастан, әлі де біршама фундаментальды пәндерді жас ассистенттер оқуда. Мысалы, география, тарих; философия және политология факультеттерінде, экономика және құқық институтында фундаментальды пәндер бойынша лекция оқу жас ассистенттерге тапсырылған. Декандар мен оқу бөлімдері бұндай жағдайларға көңіл бөлуі қажет және жас оқытушылардың аудиториялық жүктемесінің шектен тыс көбеюіне жол бермеу керек. Сонымен бірге әрбір оқытушының университеттің дамуына қосқан үлесін көрсететін бағалау жүйесін де енгізетін уақыт жеткен сияқты. Қосымша немесе үстеме төленетін жалақыны да осыған тікелей байланыстыру қажет.

Сапалы білім беруге әсер ететін тағы бір елеулі фактор - ғылыми жұмыстың деңгейі. Егер белгілі бір сала бойынша ғылыми жұмыс сапалы да. жүйелі жүргізілсе, онда оқытушылардың деңгейі де, олардың тәрбиеленген студенттері де ғылымның алдынғы қатарлы жетістіктерімен, жаңа технологиялармен таныс болып. танымы мен талғамы өседі.

6. Магистратура - ғылыми ізденістің бастапқы ұясы

Осындай мақсатқа жету үшін көп сатылы білім беру жүйесі енгізілгенін білесіздер. Терендетілген жоғары білім беру жүйесі - магистратура ғылыми ізденістің бастапқы ұясы болуға тиіс еді. Қазіргі кезде Қазақстандағы магистранттар дайындау ісінің оқу үлгісі - Қазақ ұлттық университетінің магистратурасы республика бойынша дайындалатын 500 магистранттың 200-ден астамын дайындайды. Республикалық оқу-әдістемелік бірлеотігі де университет базасында ашылып отыр.

Осындай жетістіктерге қарамастан магистранттар дайындау ісінде жетілдіруді талап ететін мәселелер баршылық. Мысалы, көптеген магистрлар өздерінің магистратурада бастаған ғылыми ізденістерін аспирантурада жалғастыра алған жоқ. Аспирантураға түскен кейбір магистрлар жаңадан тақырып алуға мәжбүр. Себебі, ғылыми жетекшілері ауысады. Міне, осындай себептерден болар 1998 жылы аспирантураға түскен 138 магистранттың (91 - күндізгі, 47 - сырттай) үшеуі ғана биылғы жылы қорғауға шықпақ. Бұл - ойланарлық мәселе. Сондықтан да университетте ғылыми жетекшіліктің біртұтас жүйесі жасалуға тиіс.

Магистратурада қолға алынбай келген тағы бір нәрсе - ғылыми бағыттарды ұштастыратын зерттеулер мен арнайы курстардың аздығы.

7. Аспирантура мен докторантура жоғары сапалы мамандар дайындайды

Көп сатылы білім беру жүйесінде жоғары сапалы мамандар дайындау аспирантура мен докторантурада жүзеге асады. Алайда аспиранттар өз бетінше жұмыс істейді деген сылтаумен оларға деген талабымызды әлсіретіп алған сияқтымыз. Биылғы бітіретін 173 аспиранттың 21-і ғана зерттеулерін уақтылы бітіріп, қорғауға ұсынды. 17 аспиранты бар механика-математика және тарих факультеттерінде бір-бірден ғана қорғауға шықса, ал физика факультетіндегі 13 аспиранттың біреуі де ғылыми жұмысын уақытында аяқтай алмады. Мұның басты себебі факультеттегі ғылыми ізденістердің жүйесіз жүргізілуі және ғылыми жетекшілердің әлсіздігі. Мысалы, ғылыми жетекшілігі үшін жыл сайын әр аспирантқа 50-70 сағаттан алып, 5-6 аспирантқа жетекшілік жасайтын профессорларымыздан нәтиже сұрайтын уақыт жетті. "Судың да сұрауы бар". Жыл сайын аспиранттар мен ізденушілерге жетекшілігі үшін 300-500 сағат педагогикалық жүктеме бойынша жалақы алатын адамнан нәтиже талап етуге біздің толық құқымыз бар. Бірнеше жыл бойы аспиранттары қорғамаған ғылыми жетекшілерді жетекшілік ету құқынан айыру қажет.

Алдағы оқу жылында докторантураға да ерекше көңіл бөлген жөн. Біз әлі де болса, ғылым докторлары аз салаларға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмей 'келеміз. Сонымен бірге біздің докторанттардың жалақысы туралы былтырғы шешімімізді де өзгерту қажет сияқты. Доценттің айлығының жартысымен докторант өз семьясын асырай алмағандықтан қосымша жұмыс істеуге мәжбүр. Ал бұндай жағдайда ғылыми жұмысты уақытында аяқтау мүмкін емес. Сондықтан да университеттен докторантураға түскен қызметкерлерді қаржылық жағынан қолдауымыз керек, ал олар өз кезегінде қорғағаннан кейін кем дегенде 5-6 жыл университетте жұмыс істеу туралы келісімге қол қойсын.

8. Ғылыми ізденістер орталығы - кафедралар мен зерттеу институттары

Қазіргі кезде университетте ғылыми ізденістердің басты орталығы кафедралар мен ғылыми-зерттеу институттары екендігі анық. Алайда университеттегі 100-ден астам кафедраның әр қайсысы ғылым-білім орталығына айналған деп ауыз толтыра айта алмаймыз. Университеттік аттестация кезінде шығыстану, журналистика, география факультеттерінде жас оқытушылардың көпшілігінің зерттеу жұмысының тақырыптары бекітілмегені анықталды. Кейбір кафедраларда аспиранттар мен магистранттардың зерттеу жұмыстарының тақырыптары уақытында бекітілмеуі кафедра меңгерушілерінің де деңгейлеріне байланысты болса керек. Сондықтан осы оқу жылынан бастап Ғылыми кеңестің 1993 ж. қаулысына сай кафедра меңгерушілерінің жас мөлшеріне белгілі бір шек қойып, және бірнеше қызметте жүрген кафедра меңгерушілеріне тек бір қызметті ғана атқаруға рұқсат етейік деп отырмыз.

9. Халықаралық байланыстарды күшейтсек, гранттарды жеңіп алсақ...

Қазіргі жағдайда ғылыми жұмыстың жандануына әсер ететін жағдай халықаралық байланыстарды күшейту және ғылыми зерттеулерге бөлінген гранттарды жеңіп алу. Университет 24 келісім-шарт бойынша әлемге әйгілі ғылым ордаларымен байланыс орнатты. 1999-2000 оқу жылында 50-ден астам оқытушы, аспирант, магистр және студенттер шет елдік университеттерде білімін жетілдіріп, ғылыми конференцияларға қатысып, байланыс орнатып қайтты.

Ұлттық университеттің ғалымдары да халықаралық деңгейден көріне білуде. Химия факультетінің ғалымдары МАГАТЭ мен Азаматтық зерттеулер қорының 216 мың долларлық грантын және НАТО бағдарламасы бойынша 580 мың долларлық грантын жеңіп алды.

Халықаралық қорлармен және елшіліктермен байланыстың дұрыс жолға қойылуы да өз жемісін беруде. Жапон елшілігінің көмегімен шығыстану факультетіне 280 мың долларлық лингафондық қондырғы орнатылды. Индия, Иран, Корей елшіліктері де кафедралардың нығаюына көмектесуде.

10. Зерттеу нәтижесі жариялансын, кәдеге ассын десек...

Ғылыми жұмыстың дамуына әсер ететін факторлардың бірі - зерттеу нәтижесінің жариялануы. Сол үшін университетте "ҚазМУ хабаршысының" ғылым салалары бойынша 19 сериясы жарық көруде. Бірақ өкінішке орай редакциялық коллегиялардың нәтижелі еңбектеріне қарамастан, "Хабаршылар" республиканың ғылыми жұртшылығына танымал басылымдарға айнала алмай келеді. "Хабаршылар" негізінен мақала берген авторлардың есебінен шығарылғаннан соң, қаржы жағынан да тапшылық көруде. Редакциялық коллегиялар "Хабаршыларды" өзін-өзі қаржыландыратын, нарықтық жағдайға бейімделген басылымдарға айналдыруы қажет еді. Тағы бір жай 19 серияның 5-еуі ғана Жоғарғы аттестациялық комиссия мақұлдаған басылымдар тізіміне енген.

11. Университет - тәрбие ошағы, өмір мектебі

Университет ғылым, білім ордасы ғана емес, сонымен бірге үлкен тәрбие ошағы, өмір мектебі. Сондықтан да дипломды мамандардың арасынан дәстүрлі тәрбие жүйесі қалыптасқан оқу орнын бітіргендердің ерекше көзге түсуі заңды нәрсе. Жетпіс жылға жуық уақыт аралығында университетте студенттердің өзін-өзі басқаруға, жеке өнерлерін көрсетуге байланысты қалыптасқан талай жақсы дәстүрлері болатын. Идеологиялық шырмаудан босаймыз деп жүріп, кейінгі кезде осы дәстүрлерімізді ұмыта бастаған сияқтымыз. Сондықтан да жаңа оқу жылында қолға алатын басты жұмыстарымыздың бірі - тәрбие жұмысы болуы керек. Өткен оқу жылында бұл жұмысқа бастау болатындай бірнеше шаралар жүзеге асты. Студенттердің өзін-өзі басқаруының жаңа түрі - студенттер сенаты құрылды. Жастарымыздың демалысын жоғары мәдени деңгейде және дұрыс ұйымдастыру үшін бұрынғы "Махаббат" кафесі жөндеуден өткізіліп, университеттің жастар үйымына берілді. Тәрбие жұмысын жақсартуға Студенттер сарайының дирекциясы да атсалысуда.

12. Әлеуметтік көмек әріптестерді қолдау үшін көрсетіледі

Жоғарыда айтылған өзекті мәселелердің барлығы сапалы білім беруді қамтамасыз ететін негізгі жағдайлар. Тек осы мәселелерді бір-бірімен байланыстыра, үйлестіре жүргізген жағдайда ғана білім беру рыногында өз орнымызды аламыз. Сонда ғана біз әлеуметтік қорғау, материалдық-техникалық базаны нығайту, студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізу сияқты шараларымызды дамыта аламыз. Мысалы, өткен оқу жылында университет қызметкерлеріне, екі рет (жалпы көлемі 5 млн. теңге шамасында) материалдық көмек көрсетілді. Университетте құрылған "Әлеуметтік көмек қоры" түрлі әлеуметтік жағынан қорғалмаған 12 топқа көмек көрсетуде. Өткен оқу жылында жалғыз басты аналар мен көп бала тәрбиелеп отырған отбасыларға 621 мың теңге көлемінде көмек берілсе, ал жағдайы төмен студенттерге тегін тамақтануға 1 млн. 394 мың теңге бөлінді. Жаңа заң бойынша еңбекке уақытша жарамсыз адамдарға университет есебінен 4 млн-ға жуық қаржы төленді. Еңбек және соғыс ардагерлері де естен шығарылмауда. 254 ардагерге 1 млн. 766 мың теңге көлемінде көмек беріліп, Жеңістің 55 жылдығына орай мерекелік шаралар өткізілді.

Ақылы білім беру және мүлікті жалға беруден түскен қаржы есебінен материалдық-техникалық базамыз да нығаюда. Бірнеше жыл бойы оқу процесін ұйымдастыруға кедергі болып келген аудиториялардың жетіспеу мәселесін шешу үшін 2 жатақхананы күрделі жөндеуден өткізіп, оқу корпусына айналдырдық.

Компьютерлендіру бағдарламасына сай және "Аль-Фараби-Нова" жобасы бойынша кафедралар мен ғылыми орталықтарды компьютерлік техникамен жабдықтау әлі де жалғасады.

13. Қаржыны үнемдеуді де үйрене бастадық

Университетте қаржыны үнемді пайдалану жүйесін қарастырудамыз. Қазіргі кезде жылы су, электр энергиясына, телефондарға төленетін қаржыдан жыл сайын 5-6 млн. теңге үнемделеді. Материалдық базаны нығайтуға эксперименталдық-өндірістік орталық көп көмек көрсетіп келеді. 1999 жылы бұл орталық 1382 парта, 40 тақта, 224 компьютер столын дайындап берді.

Өткен оқу жылындағы университет ұжымының еңбегін қорытындылай келе оқу ісінде, ғылыми ізденістерде елеулі нәтижелерге қол жеткізгенімізді және ол бүкіл ұжымның, факультеттер мен кафедралардың, ректорат бөлімдерінің бірлескен жұмысының нәтижесі екенін атап өтеміз.

14. Мақсатқа жеткізер жеті міндет

Сонымен бірге біз жаңа оқу жылында университет ұжымы мынадай шараларды жүзеге асыруы қажет деп есептейміз:

1. жаңа оқу жоспарларын мемлекеттік стандарттарға сай және туыстас мамандықтарды жақындастыра отырып жасау, оқу жоспарларын жетілдірудің ғылыми негізін жасау, жаңа мамандықтарды ашуды реттеу;

2. білім беру сапасын және білімді бағалау жүйесін жақсарту және оқу процесіне қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға ерекше көңіл бөлу;

3. студенттерді қабылдаудың жаңа моделі бойынша грант пен кредитке ие болған және келісім шартпен оқитын студенттер санын көбейту;

4. ғылыми ізденістердің тиімді жүйесін және материалдық техникалық базасын жасау;

5. қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, тілдерді оқытудың деңгейлік жүйесін енгізу және оқыту әдістерін жетілдіру;

6. студенттер арасында тәрбие жұмысын жақсарту және оларды мәдени шараларға кеңінен тарту;

7. оқытушыларды және факультеттерді оқу ісі, ғылыми жұмыс және тағы басқа қызмет түрлері бойынша бағалау жүйесін жасау.

Міне, осы мәселелердің барлығын дұрыс шешкенде ғана ерекше мәртебеге сай екендігімізді және сапалы мамандар дайындауда мол мүмкіндігіміз бар екенін дәлелдейміз.

ҚАЗМУ-ДЕН ҚАНАТ ҚАҚҚАН

Сиднейде өткен Олимпиададан алтын мен күмістен алқа тағып, Қазақстанның мәртебесін асқақтатып қайтқан жеңімпаздарды Алматы әуежайында ҚазМУ студенттері қарсы алды.

Жеңімпаздар:

Ермахан

ҚазМУ-дің түлектерінің қашанда халық көңілі меже түтқан үмітті орындардан көрініп келе жатқандығы мәлім. Ел үмітін жүк ету, бүгінгі шәкірттің басты мұраты.

Тәуекел істің түбі бір десек те, сыналар сәттің еркі әр түрлі екен. Отандастарымыз, әрі ұлттық университетіміздің төл перзенті - Ермахан Ибраимов дүбірлі Сидней Олимпиадасынан олжалы оралды. Күллі әлемнің спорт жанкүйер қауымы үшін, намыс отының көрігі болған әйгілі қаланы өзіне алтын жүлде тақтыруға мәжбүр етті.

ҚазМУ-дей киелі шаңырақ өз үлдарын әсте ұмытпақ емес. Жеңімпаз ұландарды қарсы алу рәсіміне, университеттің филология, заң факультеттерінің бүгінгі қабырғаластары ат салысты.

Білім ордасынан қанаттанған түлектер қатары қашанда жеңіс тұғырынан табылары сөзсіз.

Пайым солай болғай.

Бекжан

13-қазанда Республика сарайында Мәдениетті қолдау жылына байланысты өткізілген ақындар айтысында журналистика тарихы кафедрасының аға оқытушысы Бекжан Төребекұлы ӘШІРБАЕВ жүлделі 3-ші орынға ие болып, ұлттық университетіміздің беделін тағы бір өсірді.

Индира

Алматы қаласы кітапханалар күніне орай өткізілген "Жыл кітапханашысы" конкурсы 13-қазанда Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында өткен еді.

Алматы қаласының ірі-ірі кітапханаларының қызметкерлері қатысқан бұл конкурс кітапханашылардың кәсіби деңгейін, мәдениетін, парасатын, танымы мен талғамын және сұлулығы мен сымбатын сынаған.

Осы сында университетіміздің Ұлттық кітапханасының қызметкері Индира Разақова жүлделі 3-ші орынға ие болды.

Мәртебелерің биіктей берсін, жеңімпаздар!

Аналардың ақ отауы ашылды

Бүгінгі таңда әйел, ана, бала жайы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біздің университетімізде осы уақытқа шейін қыз-келіншек, апаларымыздың мүддесін көздеген әйелдердің екі қоғамдық бірлестігі жұмыс істеп келді. Қазан айының 18-ші жұлдызы күні университет қыз-келіншектері үшін тағы бір қуанышты жаңалық болды. Бұл күні тарих факультетінде "Ана" атты тарихшы әйелдер клубы қоғамдық бірлестігі өзінің жұмысын бастап, ресми түрде тұсау кесер рәсімін өткізді.

Бірлестіктің ашылу салтанатына Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының ректоры, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген артисі, ҚР Президентінің жанұя және әйелдер ісі бойынша ұлттық комиссиясының мүшесі, профессор Ж.Я.Әубәкірова, тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Л.С.Ахметова, тарих факультетінің деканы М.Қойгелдиев, университеттің соғыс және еңбек ардагерлері қоғамының төрағасы Ғ.Ж.Жұматов қатысты.

Салтанаттың құрметті қонағы Жания Әубәкірова көгілдір лентаны қиып, клубтың тұсауын кесіп, құттықтау сөз сөйледі.

Мерекенің соңында тарих факультетінің ұжымының атынан Дәурен Ескекбаев ән-шашу жолдады.

Нұргүл

ТҮРКІСТАНҒА - 1500 ЖЫЛ

Халықаралық "КАТЕУ" қоғамдық қоры мен Түркістан қалалық әкімшілігі бірлесе отырып, поэзия мен прозалық шығармаларға жариялаған "Түркістанға - 1500 жыл" атты Халықаралық бәйгеге жіберілген 206 поэзиялық шығармалардың ішінен Иран Ғайыптың "Қожа Ахмет Иасауи" атты шығармасы 1-ші орынды жеңіп алды. 2-ші орынды "Мүбәрәк Түркістан" өлеңі үшін Омар Қаржау Айтолқын, 3-ші орынды "Ерлік пен елдік толғауы" атты өлеңі үшін Исраил Сапарбай иеленді. Оқырман назарына бас бәйгені жеңіп алған Иран Ғайыптың шығармасын Түркістан тойына орай ұсынып отырмыз.

ИРАН-ҒАЙЫП

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ
(Қасиет-нама)

Бисми-л-лаһи-р-
Рахмани-Рахым...
Ұлы Ұстазды
Үлгі түту -
Мұратым:
Қалам тартып -
Қасиет-Нама -
Жыр жаздым,
Келер Ұрпақ
Ғибрат-лу қылатын...
Күндей Жарық
Нұрын төгу -
Міндеті.
Айдан анық -
Хақ жолына құрметі:
Сүйген Құлы -
Ол -
Құдіреті Күштінің,
Ғалайкум-ас-салам
Мұхаммедтің Үмбеті!
Сана шыңы -
Парасаты - Пайымы,
Кіші Мекке -
Түркістанның Найыбы:
Қожа Ахмет Иасауи -
Ол -
Хас Киє -
Екі бірдей
Дүниенің лайығы!

Дін-Мүсылман
Мінәжатын қаза ғып
Көрмеген жан...
Ойы - жүдеп,
Сөзі - арып:
Қожа Ахмет Иасауи -
Ол -
Ар-Иман!
Қожа Ахмет Иасауи -
Ол -
Тазалық!

Жақсылықты -
Қашырмаған қасынан,
Жамандықты -
Асырмаған басынан:
Кірленбеуге -
Көрге кірген Тірідей,
Тауып толас -
Пайғамбардың жасынан...

...О, Пенделер!
Кедей Рух -
Байсыңдар!
Бас-басына
Бейне
"Жалған Құдайсыңдар"!
Иасауише -
Жердің үстін аластап,
Жер астына
Түсетұғын қайсың бар?!

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ

Ұлтын сүйген ұлы тұлға

Момышұлы Бауыржан 1910 жылы желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданының Көлбастау ауылында туған. 1942 жылдан КПСС мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Панфиловшы. даңқты жауынгер, гвардия полковнигі.

Адамзат тарихында қантөгіс көрмеген ұрпақ сирек болғандықтан соғыс жағдайындағы адам психологиясы ғалымдардың да, көркемсөз шеберлерінің де зерттеу объектісі болып келеді. Қазақта соғыс психологиясын таиға таңба басқандай етіп жазған адам біреу - Бауыржан Момышұлы. Ол өзінің солдаттары мен офицерлерін кезекті ұрыс пен кезеңдік соғыстағы жеңіске ғана дайындамай, болмыстағы жеңіске баулыған еді.

Бауыржан Момышұлы өз халқын,өз қазағын ағынан жарыла жақсы көрді. Оның өткенін,қазіргісін,болашағын ойлап,қайрат қылды,күресті. Снарядтың өтінде, бомбалардың бетінде тұрып, Бауыржан Момышұлы Қазақстанның тұтқасын ұстаған басшыларға ұлтын аманат етіп тапсырады. Ұлттың дүлін, тілін, салт-санасын бұздырмаңдар, жас ұрпақты жасқаншақ етпеңдер,батырлыққа, батылдыққа,адалдыққа тәрбиелендер деп өтінеді.

"Жеңіске тек рухтың күштілігімен ғана жетуге болады " дейді Бауыржан Момышұлы.

Скатова А.Ж., Коурдакова Г.С

ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ

М.Әуезов және тіл

Жуырда филология факультетінде М.О.Әуезов атындағы әдеби бірлестік "Қазақ тілі" қоғамының он жылдығына және Қазақстан халықтары тілдері күніне байланысты студент-жастарға арнап "М.О.Әуезов және тіл" деген тақырыпта кезекті мәслихатын өткізді.

Мәслихатқа Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Т.Медетбек, Д.Досжан, Ә.Меңдеке, Б.Жақып, Қ.Бегман сияқты белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылар қатысты.

Филология ғылымының докторы, профессор Р.Тұрысбек жүргізген бұл мәслихатта жазушымыз Д.Досжан туған халқының тілі мен әдебиетін дамытуда өлшеусіз еңбек сіңірген М.О.Әуезовтің сом тұлғасына тоқтала келіп, соңынан жастарға "Алыптың азабы" атты кітабын тарту етті. Сыншы Ә.Меңдеке мен ақын-ұстазымыз Б.Жақып өз сөздерінде ана тіліміздің маңыздылығын әдебиетіміз бен мәдениетімізге байланыстыра отырып әңгімеледі. Маңыздысы: сөз алған қонақтар қазақ тілі мен әдебиеттің жай-күйін, келешегін кең көлемде әңгімелеп берді.

Н.Б.САҒЫНДЫҚ,
филология ғылымының кандидаты.

Жазушының жанын түсінетін жаңа ұрпақ өсіп келеді

М.О.Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің ұйымдастыруымен жазушы, баспагер Бексұлтан Нұржекеевпен кездесу болды. Кездесуді бірлестік жетекшісі филология ғылымының докторы Р.Тұрысбек ашып, жазушының өмірі мен шығармашылығына кеңірек тоқталды. Жазушы мен оқырманның арасында отбасы, махаббат тақырыбында қызықты әңгіме қызу пікірталасқа ұласты. "Отбасы бұзылса, Отан да бұзылады, әрқашан кешірімді болу қажет. Осыларды сіздерге қаламмен жеткізу - менің міндетім" деген Б.Нұржекеев кітапхана қызметкерлеріне "Әйел жолы жіңішке" атты кітабын тарту етті. Оқырмандарына алғыс айта келе "Жазушының жанын түсінетін жаңа ұрпақ өсіп келеді екен" деп сөзін түйіндеді.

Лаура

Здравствуй, первокурсник!

Это давно уже превратилось в одну из лучших факультетских традиций. Со свойственной, наверное, только представителям творческих профессий атмосферой, обычный праздник всегда превращается в захватывающую игру, в которую втягивается вся аудитория. Таинство посвящения разворачивается по заранее разработанному, замысловатому сценарию, где роль отведена не только самим студентам, но и приглашенным преподавателям. В некотором смысле все это напоминает известное шоу Маслякова, однако возможность проявить себя имеет каждый талант. Журналистам же всегда были знакомы и национальные, и современные музыкальные инструменты, а молодые и красивые голоса создают неповторимый вкус любому действию. И хотя за этим стоит обычная передача эстафеты старшекурсников "первашам", для вновь прибывших - это первая возможность заявить о своем потенциале, показать свои еще, быть может, прекрасные таланты. Ведь они становятся с этого момента студентами факультета творчества...

Арман КУДАБАЙ.

Сен де кидің ақ қалпақ

Еліміз егемендік алып, аңсаған тәуелсіздікке қолы жетіп, тізгінін өз қолына ұстағалы бері он жылдай уақыт өтті. Содан бері көк туымыз әлемнің түкпір-түкпірінің аспанында желбіреп, әнұранымыз шалқыды. Спорт олимпиадасы, білім жарысы болсын, әйтеуір Қазақстанды әлем танып жатыр. Халықаралық қатынастар нығая түсуде. Соған бір дәлел - біздің ұлттық университетіміздің 40-тан астам шетелдік оқу орындарымен байланыс жасауы.

Жақында ҚазМУ қалашығында II Халықаралық студенттер фестивалі өтті. Оған Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік ұлттық университетінің студенттер делегациясы қатысты

Жақсы дәстүр жалғасын тапты

Ержан Байғожаұлы ЖАТҚАНБАЕВ, ҚазМУ проректоры:

Сен де кидің ақ қалпақ
Оюлап шетін сырғызған.
Менің де бетім жап-жалпақ,
Айырмам қайсы қырғыздан, - деп Қадыр ақын түбі бірге түрік тілдес егіз ұлттар - қазақ пен қырғыздың төсекте басы, төскейде малы аралас, ежелден ынтымағы мен бірлігі, туыстығы мен достығы жарасқандығын, бұл жарасымдылықтың бүгінге дейін сабақтасып келе жатқандығын ізгі ниет, сүйіспеншілік сезіммен тегіннен-тегін жырламаса керек.

Кешегі темір перде, болат құрсаудан құтылған тәуелсіз Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасы соңғы жылдары бұрынғыдан да жақындай түскендігіне, болашақта да біріге беретіндігіне кепілдік беретін бірнеше фактор бар: ең әуелі түрі де ұқсас, тілі де туыстас, тарихы мен тағдыры тамырлас, діні де, дәстүрі де біртекті екі елдің атам заманнан келе жатқан достығы, ағайын-қарындастығы, Егемендік алғаннан кейін екі ел президенттерінің мәңгілік достық туралы құжатқа қол қоюы. Жоғарыдан бастау алған бұл бастама төменнен қолдау тауып, ел ертеңі - жастар ордасы - университеттер арасындағы достық қарым-қатынастың дәстүріне айналды.

Біз былтыр Қырғыз мемлекеттік ұлттық университетінде студент жастардың достық фестивалін өткізгенбіз. Қанында қонақжайлылық ойнаған қырғыз туғандар ортасында өзімізді бауырлар құшағында еркін сезініп, ерекше қуанышқа бөленіп қайтқанбыз. Енді бүгін ректорымыз Көпжасар Нәрібайұлының бастамасымен Қырғыз университеті студент жастарын шақырып, өз төрімізде қабылдап отырмыз.

"Бармасаң, келмесең, жат боласың", - деген мәтел тегін айтылмаған.

Бұл жүздесулер мен кездесулер барысында бір-бірімізді етене тани түсеміз. Өнер, білім, ғылым, мәдениет, тәрбие беру салалары бойынша бірлесе жасалған бағдарламалар негізінде тәжірибелер алмасамыз. Оқу, оқыту жүйелерінің әлемдік деңгейін көтеру үшін бірлесе, жұмыла жұмыс жүргіземіз.

Біздің шақыруымызды қабыл алып, қауышуға келген қырғыз бауырларымызға шын рахмет айта отырып, "Қош келдіңіздер, ардақты ағайын! Қадамдарыңызға гүл бітсін!" - демекпін.

Талант АРҒЫНҒАЛИ

Армысың, туысқан ел қырғыздарым!

Армысың, туысқан ел
қырғыздарым
Аман ба,
ұлағатты ұл-
қыздарың.
Жетті ме жыл
құсындай
сағынышпен,
Манасты
жырлап жүрген
жүлдыздарың.
Ыстықкөлден
жеткесін ыстық
сәлем
Мінекей,
қайтарғандай күн де ызғарын.

Әуелден сіздер бізге
құдасыздар,
Ұлағат айтып жатсақ ұғарсыздар
Бес саусақтай жұмылсақ
берекеге
Әлі талай биікке шығарсыздар.
Қонақтар аз отырып көп
сынаушы ед,
Сіздер де мына бізді
сынарсыздар.
Қазақта "құда
болсаң алда" деген
Аз ғана кемшілікке
шыдарсыздар.

Аман ба Ош, Тоқмақ,
Айылыңыз,
Есен бе Шахановтай
шайырымыз.
Құданың қақ
төрінде қонақ болып,
Ән менен күйге бүгін тойыныңыз.
"Ауылдың алты ауызы" деген бар
ғой,
Ар жағын Манаспенен
қайырыңыз.

Ән қалқып,
би шалқыған,
күй ойнаған
көңілді
сәттер
басталды...

Ассалаумағалейкум, Алматы, Аманбысың, Бішкек?!

Ежелден таным төркіндестігі бір, шаруа-күйі де біте қайнасқан, біртуар көршіміз қырғыз елі. Іргелес жұрт ән-жырдан, ойын-сауық, сын-сайыстардан да кенде емес. Тіпті қадым замандардан бізбенен үзеңгі қағыстырып қатар келеді.

Дәстүрдің осынау үлгісі таяу арада өткен II қырғыз-қазақ студенттер фестивалінде тағы бір дүркін көрініс берді. ҚазМУ-дің студенттер қалашығына ат басын тіреген Қырғыз ұлттық университетінің студенттері, қос білім ордасындағы таным өресінің үрдісін көрсете білді. Әдеттен жырақ бұл кездесу студенттер клубы, халықаралық қатынастар факультеті, "Сұңқар" кәсіподағының ізгі бастамаларымен мақсат етілген болатын. Шәкірттер қауымының көңіл-күйін ортақтастырған бұл фестиваль шымылдығын журналистика факультетінің студенті Арғынғали Талант жыр шашумен ашты.

Күллі қырғыз елін сан ғасырлар бойы тәнті еткен "Манас" жыры ҚазМУ-дің де қара шаңырағында жырланды.

Мұнан кейін сөз алған Қырғыз ұлттық университетінің профессоры Әнуарбек Мокеев Алатау асып, ат терлетіп келулерінің себебін "сынасу емес, сыйласу" екендігін баса айтып өтті.

Ән шырқалып, жыр жырланған соң жастар қазіргінің "ақсүйегі" - "брейн рингке" кірісті. Брейн ринг - ойыншының логикалық ойлау жылдамдығын, ақыл-парасатын дәп басып, дәл анықтайтын интеллектуалды ойындардың бірі. Қырғыз ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті мен біздің студенттер арасында өткен бұл сайыс мәдени тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да аса биік деңгейде өтті. Ойыншылардың бүгінгі күні Орта Азия және Қазақстан мемлекеттерінің арасындағы экономикалық қатынастарды, ол елдердегі қоғамдық, саяси жағдайды бүгге-шігесіне дейін білуі, көрермендерді таңдай қақтырды.

Дегенмен әлемдегі ең үлкен сезім бауырмалдықты тәңірі қазаққа аямай-ақ берген екен. Жеңімпаз аталған біздің ойыншыларымыздың жүлдеден бас тартып, сыйлықты қонақтарға ұсынғаны, нағыз қазақы мінезді аңғартқандай болды.

Кешкілік Студенттер сарайында өткен қырғыз жастарының көрсеткен сахналық қойылымы, қазіргі кездегі қырғыз халқының тыныс-тіршілігін көз алдарымызға әкелді.

Қонақтарымызға ару қаламыз Алматының кешкі көркін тамашалатқан соң "Махаббат" жастар орталығында танысу кеші ұйымдастырылды. Мұнда көңіл хошы жарасып, уәде айтысып жатқандар да болды. Бұйырса, қоржынымызды қомдап, "Бішкек қайдасың?" деп күдалыққа барып қалуымыз да ғажап емес.

Ертесі күні ҚазМУ-дің Спорт сарайында тоғызқұмалақтан бастап, күреспен аяқталатын сайыстарда да екі ел жастарының арасында үлкен ілтипат, шын көңілден шыққан сыйластық байқалып тұрды. Аталмыш кездесуге өзек болған да осы жайттар екен.

Еркінгүл СОЛТАНАЕВА,
филология факультетінің студенті.

Праздник дружбы

МОКЕЕВ А.М., проректор по международным связам КГНУ, профессор.

Уважаемый Копжасар Нарибаевич!

Дорогие участники фестиваля и студенты!

Сегодня мы с Вами собрались здесь на древней земле казахского народа для проведения II-го Международного фестиваля студенческой молодежи Казахстана и Кыргызстана, который проводится по инициативе ректора Казахского Государственного национального университета им. аль-Фараби профессора Нарибаева Копжасара Нарибаевича.

Как известно, первый подобный фестиваль был проведен по инициативе бывшего ректора КГНУ, нынешнего спикера Парламента Кыргызской Республики Борубаева Алтая Асылкановича на берегу благодатного Иссык-Куля в сентябре прошлого 1999 года.

Эти замечательные инициативы руководителей двух университетов, очевидно, непосредственно связаны, с двумя важнейшими источниками дружбы между двумя братскими странами:

Первое это - общность языка, истории, культур и традиций казахского и кыргызского народов;

Второе это - твердая воля высших руководителей наших стран, Президента Республики Казахстана Назарбаева Нурсултан Абишевича и Президента Кыргызской Республики Акаева Аскара Акаевича, к углублению и расширению всестороннего сотрудничества между Казахстаном и Кыргызстаном, которая четко отражена в Договоре о вечной дружбе между нашими странами, подписанное в 8 апреля 1997 г. лидерами КР и РК.

Решимость Президентов наших стран в укреплении сотрудничества проявляется также в развитии многостороннего сотрудничества стран Центрально-Азиатского региона в рамках ЦАЭС (Центрально-Азиатского Экономического Сообщества), что было еще раз продемонстрировано во время очередного Саммита руководителей стран-членов этой региональной организации, состоявшегося в августе 2000 г. в Бишкеке.

Проведение фестиваля дружбы студенческой молодежи двух соседних, братских стран в Алматы в дни обострения ситуации на юге нашей республики, в связи с вторжением международных террористов, еще раз свидетельствует о твердой поддержке политики дружбы и сотрудничества наших Президентов со стороны широкой общественности Казахстана и Кыргызстана. Как хорошо известно, и в прошлом в трудные периоды лихолетия, когда враги посягали на свободу и независимость казахов и кыргызов наши предки вместе сообща выступали против непрошенных гостей и сумели защитить наши земли. Поэтому, настоящий форум молодежи двух стран является новым этапом развития традиционной дружбы между казахским и кыргызским народами.

Общеизвестно, что наши университеты являются флагманами высшего образования, а также крупнейшими центрами науки и культуры двух стран. И весьма примечательно, что именно наши университеты стали инициаторами возрождения доброй традиции дружбы между казахскими и кыргызскими народами на уровне студенческой молодежи двух стран, и мы не сомневаемся, что эта эстафета, которую мы получили от наших предков, подхватят следующие поколения в третьем тысячелетии.

Таким образом, проведение этого фестиваля станет настоящим праздником дружбы, братства народов двух соседних республик, и несомненно, даст новый толчок к дальнейшему расширению сотрудничества Кыргызстана и Казахстана.

Пользуясь случаем от имени делегации КГНУ, ректора КГНУ профессора Какеева А.Ч. и от себя лично хочу поблагодарить уважаемого ректора КазГУ профессора Нарибаева К.Н. за любезное приглашение делегации КГНУ принять участие в работе настоящего форума.

Позвольте также пожелать участникам фестиваля больших творческих успехов и дерзаний.

Оюлап шетін сырғызған...

Фестиваль ашылуының салтанатты сәті

Қырғыздың қарапайым қызы

Алатоо жерінен, Тоқтағұлдың елінен келген ақ қалпақты бауырларымыздың Студенттер сарайы ғимаратының алдында өнер көрсетіп жатқан кезі еді. Дәл осы күні достық пен туысқандық іс-шарасының шырқын бұзбайын дегендей, нұрлы күн жомарттық істеп, шуағын аямай-ақ төгіп, мерекелік көңіл-күйдің ауа-райымен үйлесім табуына ықпал жасағандай. Сонда маған нұрлы күн, қазағымның бауырлас, тамырлас халыққа деген ыстық ілтипатын, аппақ, ақкөңіл ниетін көрсеткендей көрінеді. Әншейінде, асығып-аптығып, бір орында байыз таппай жүретін мазасыз студент халқы аялдап, бір сәт сарайдың алдына жиналды. Санасын мазалаған сондағы жалғыз сұрақ: "Қандай екен?". Келді, көрді. Біреуі айтты: "Қазақтан қай жері кем?" "Өзіміз екен ғой" деді екіншісі. Менің журналистік қызығушылығым артып, "қой енді бұлармен жақынырақ танысайын" деген оймен сахнада мың бұрала билеп, "сыншыл" көрерменнің көзайымына айналған қырғыздың биші қызын әңгімеге тарттым.

- Құрбым, өзінді таныстырып өтсең?

- Менің аты-жөнім *Мансурова Динара.* Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінің 2 курс студентімін. Бүгінгі осы майрамға делегация мүшесі ретінде тұңғыш рет елдеріңізде болып отырмын.

- Қазақстанның оңтүстік астанасы өзіңе қандай әсер берді?

- Алматыға келгеніме өкінбеймін, өте ризамын. Тіпті мен осындай әрі әсем, әрі көркі қаланы көріп тамашалаған көп студенттің бірі болғанымды өзіме бақыт санаймын. Алматы қаласын мен "үлкен жасыл орман" деп атар едім. Жол жиегін көмкере өскен тал-дарақтар қаланың өзіндік әрін беріп, шырайын кіргізген. Жасыл қаланы аралаған сәтте жүрегімде үлкен әсер қалдырған жерлердің бірі Республика алаңы. Әсіресе, тәуелсіздік монументі биікке үмтылып, егемен елдің асқақ арманын жоғары ту ғып ұстап тұрған сияқты көрінді маған.

- Өздерің келгелі біраз жерлерде болыпсыңдар. Сондағы қазақ жастарының өмірінен қандай ерекшелік байқадың?

- Әрине, ағайын екі халықты ежелден-ақ байланыстырып келе жатқан ортақ жағдайлар бар. Ол біз білетін тіл мен діл, салт-дәстүр, тарих ұқсастығы, тамыр сабақтастығы және т.б. Ендеше талай тар жол тайғақ кешуді бірге өткізген қойдың егіз қозысындай халықтардың жастарының тыныс-тіршілігінде де анау айтқандай өзгешелік жоқ, меніңше. Тек менің көңіліме кірбің ұялататыны ол қазақ жастарының ана тіліне деген салқынқандылығы. Ана тілінді сыйламау, туған ананды сыйламаумен тең емес пе?! Бұл келеңсіздікті мен ерекшелік емес, кемшілік деп айтсам дұрыс болар. Ал былайша қазақ жастары тез тіл табысқыш, пысық, әрі көңілді жүреді екен.

- "Дос жылатып айтады" десек, қазақ жастары бұл ескертуді елеусіз қалдырмай, тиісті қорытындысын шығарар деген ойдамыз. Бірақ өздеріңіздегі мемлекеттік тілге деген көзқарас қандай?

- Сұрағың орынды. Әрине, мемлекеттік тілдің орнығуына ел ішіндегі әртүрлі этникалық топтардың көптігі кедергі келтіретіні рас. Бәлкім, аумағы жағынан Қазақстаннан әлдеқайда кіші еліміздің халқының басымы , қырғыздар болғандықтан адамдардың 60%-і дерлік қырғыз тілінде сөйлейді. Бізде де орыс тілі ресми тіл ретінде жарияланғанымен, Қазақстандағыдай қолданыс аясы кеңеймеген.

- Қырғыз жастары бос уақытын қалай өткізеді? Өзіннің сүйікті хоббиың бар ма?

- Бос уақыттарын кітапханаға барып танымдық кітаптар оқудан бастап, түнгі клубтарға дейін әркімнің талғамына сай әртүрлі өткізеді. Біздің университетімізде жастардың мәдени, қоғамдық іс-шараларға қатынасуына үлкен көңіл бөлінген. Атап айтар болсақ, толып жатқан спорт үйірмелерінен бөлек "Ишан" жастар орталығы, студенттердің өзін-өзі басқаруымен айналысатын қоғамдық жастар бірлестігі жұмыс жасайды. Бұл ұйым студенттер мәселелерін шешіп және әртүрлі көрмелер, конференция, семинарлар, қарсылық акцияларын өткізуге ұйытқы болады. Бұдан басқа көңілді тапқыштар отауы 5 КВН топтары бар. Ал өзіме келер болсам, билегенді ұнатам. Қол босап, мүмкіндік болып жатса, саябақта жалғыз серуендеп, көңіл сергіткенді жақсы көрем. Сонымен қатар өмір күнделігін толтырамын.

- Болашақтағы жоспарың...

- Қырғыздың қарапайым қызы болу (күлді).

- Арманыңа жет, біз саған тілектеспіз. Келіп тұрындар. Қонақжай қазағымның есігі төсекте басы, төскейде малы аралас қырғыз бауырына әрқашан ашық.

Қанат Әуесбай,
2-курс студенті.

Достығымыз жарасқан...

Университет оқытушылары мен студенттері тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік оқу орындарында болып, елімізге қажетті мамандықтарды игеруде.

Өткен айда Қырғыз мемлекеттік ұлттық университеті біздің шаңырағымызда қонақта болып кетті. Тәуелсіздік алған екі бауырлас елдің оқу-ағарту жүйесінің қаншалықты дамығаны жайлы Қырғыз университетінің халықаралық байланыс жөніндегі проректоры М.Ә.Мокиевті бір-екі ауыз сөзге тартқан едік.

- Сапар жөнінде хабар берсеңіз.

- Бұл сапар өткен жылдан бастау алып келе жатыр. Өткен жылы сіздердің студенттеріңіз Ыстықкөлде болып қайтты. Біз сол дәстүрлі жалғастырып, сіздерге келдік.

- Сапардың мақсатын айтып өтсеңіз.

- Былтыр екі университет ректорлары бір-бірімен мұғалім, студент алмасып тұруға келісті. Мұғалімдердің басқа елдерде кандидаттықты, докторлықты қорғауға мүмкіндіктері туды. Семинарлар жүргізетін болдық. Жыл сайын 15 студенттен алмасып тұрамыз. Екі елдің бұрыннан келе жатқан достығы студенттердің арасында да көрінісін тапсын деген ниеттеміз.

- КСРО ыдырағаннан кейін көптеген ТМД елдері білім саласында өзгерістер енгізді. Біреулері Батыс елдерінің оқыту жүйесін ұстанса, енді біреулері бұрынғы КСРО жүйесімен қала беруде. Ал Сіздерде қалай екен?

- Бізде өзіңіз айтып өткен екі жүйе де қалыптасқан. Кейбір оқу орны КСРО жүйесімен оқытса, басқалары Батыстың оқыту жүйесін қалайды. Ал біздің университетіміз екеуін де қолдану арқылы жақсы мамандар даярлауда.

- Сонда студенттермен ара-қатынастарыңыз қалай? Бұрынғы тоталитарлық жүйе бойынша ма, әлде демократиялық түрде ме?

- Жоқ, тоталитарлық жүйе қалды ғой. Студенттерімізбен қолдан келгенше ашық, демократиялық түрде қарым-қатынас жасауды жөн көреміз, олардың пікірін тыңдап, талаптарын орындауға тырысамыз. Тоталитарлық жүйенің кейбір озық оқыту бағдарламасын аламыз. Әкімшілдік, әміршілдіктің бізге қажеті жоқ.

- Университеттеріңіз басқа қандай елдермен байланыста?

- Біздің университет қазір көптеген елдермен қарым-қатынаста. Франция, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Түркия, АҚШ-тың жоғары оқу орындарымен байланыстарымыз өте жақсы.

- Соңғы сұрағымыз: жастарға айтар қандай тілегіңіз бар?

- Алдымен қазақ халқына әрі қарай өркендей беруіне шын жүректен тілектеспін. Ал жастарды оқуды жақсы оқып, еліне адал қызмет етуге шақырамын. Екі ел арасындағы достық туының одан әрі желбірей беруіне сенімім мол.

- Рахмет, Сіздерге де қазақ халқының атынан барлық жақсылықтарды тілейміз. Сау болыңыз!

- Рахмет!!!

Мадияр САУДБАЕВ.

Футболдан достық кездесу

"Қолыма қызыл гүл алып..."

Аяғын енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан II Халықаралық студенттер фестивалі енді өз туын Қазақстан аспанында желбіретті. Өз бауырластығын танытуға қырғыз ағайындарымыз Алатау бауырына енді. Өткен жылы қазақ студенттері Ыстықкөл жағасында болып, барлық ыстық мейіріміне қанып келген болатын.

Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің проректорының сөзімен басталған той тойға ұласып, екі университет студенттері өз өнерлерін жиналған қауымға тамашалатуға ынтық екендерін сездірді.

Тойбастар ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 4-ші курс студенті Талант Арғынғали орындауындағы арнау жырмен ашылды.

Фестиваль екі университет студенттерінің Брейн Ринг сайысына түсуімен жалғасты. Екі жақ та бәйгеден құр қалмауға тырысқанымен, қонағымыздың ағасына жол бергендей пейілі көрінді. Білім сайысын артқа тастап, ендігіде қырғыз ағайындарымыз өнер дегенде аттыға жолды, ауыздыға сөзді де бермеді. Бірнеше қырғыз қыз-жігіттері топтан суырылып, өлең десе асын қоятын өнерпаздар екенін көрсеткенде "көр де, үйрен" дегін келеді.

Залда отырғандар Қырғыз мемлекеттік ұлттық университетінің студенттерінің өнерін қызығып та, таң қалып та тамашалады. Көрерменнің көзбен көргені, құлақпен естігені сол мезетте көкейде орын тепкені ешкімге жаңалық болмағандай. Қырғыз жастарының дарындарына ырза болған көрермен қауымы қол шапалақтап, шығарып салды. Той домбырасы ендігі кезекте өзіміздің университеттің жастарына берілді. Қанша жерден намысшыл болсақ та, қырғыз туысқандарымыздың бәйгеге қосылған сәйгүлігі озғанын мойындауға тура келді.

Спорт сайысында екі университеттің де студенттері тең түсті. Қай университеттің студенттері болмасын, білімді ғана игермей, спорттан да қашық еместерін танытты.

Осымен II Халықаралық студенттер фестивалі аяқталды. Біз де қонақтарымызды "Қолыма қызыл гүл алып, Қоштасқан күнді сағынам" деп әндете шығарып салдық. Құдай бұйырса, ендігі жылы тағы да қырғыз-қазақ бір туған бауырлас екенін көрмек өмір бар. Кездескенше, бауырлар!

Қамар ӘМІРЖАНОВА.

Брейн ринг ойынында қырғыз жастары үшқыр ойын, өткір тілін байқатты

Проза

Сәт сапар

Менің көп сөйлемейтін, көлденеңге көп ашыла бермейтін бірнеше студентім бар. Байқасам, кейде бүйығылау, кейде бүлт астынан жарқ ете түседі. Солардың бірі - Арайлым. Әңгіме жазады. Мүңға, егілуге бейім.

Әдемі дүние дүниеге сәби келгендей қиналыстан, қуаныштан тумақ. Шығармашылық сапарың ұзақ та берекелі болсын!

Кәкен ҚАМЗИН,
жазушы,
филология ғылымының кандидаты.

Қайран Арман...

Қақаған қыс. Қарлы да ызғарлы қаңтар айы. Арман өмірінің мені жылатқан сәті.

Арман - біздің сыныпта оқыған, аласа бойлы, түсі жылы, өңі ақсары келген бала. Өзі ақ көңіл, қашан көрсең де күлімдеп жүретін. Ал кеше Арманның түрі өзгеше болды. Көзі шүңірейіп, қызарып кеткен. Түнімен үйықтамағаны көрініп тұр. Ол маған солғын жанарын көрсеткісі келмей, төмен қарап жанымнан өте шықты. Мен де байқамағандай сыңай танытып өте бердім.

Ұзын дәліздегі терезенің алдында жалғыз тұрған Арманның досы Қолғанаттың қасына жақындай түстім. Оның да түрі пәс. Мені көріп ақырын ғана басын изеп қойды. Үндемедім. Мен де терезе алдына келіп, аяз атты суретшінің әйнекке салған оюларын тамашалай бастадым. Үлкен үзіліс еді. Мектеп іші ушу. Екеуміз ұзақ тұрдық. Не болса да бұл үнсіздікті өзім бұзуға бел будым.

- Қолғанат, саған не боған?

- ...

- Неге үндемейсің? Біреу ренжітті ме?

- Жәй, әншейін. Ешкім ренжіткен жоқ.

- Онда неге түрің солғын?

- ...

Ол үндемеді. Біраз тұрып, үлкен қара көздерін маған қадап:

- Не болғанын айтам. Бірақ сен ешкімге айтпаймын деп уәде берші, - деді маған қадалған бойы.

- Достық уәде бердім. Ешкімге тіс жарып ештеңе айтпаймын. Тек не болғанын айтшы.

- Кеше кешкісін Арманға барғам. Екеуміз біраз серуендеп қайтайық дегенбіз. Бірақ онымыз болмады.

- Неге?

- Арманның әкесін білесің ғой ішімдікке құмар кісі. Кеше күндегідей ішіп алып, үйінде ұзынынан түсіп үйықтап жатыр.

- Ал Арман ше? Арман...

- Арман інісін ертіп далада жүр екен. Екеуі әбден жаурап қалыпты. Үшеуміз үйге кірдік.

- Ал мамасы қайда? Ол кісі де далада жүр ме екен?

- Жоқ. Тағы да ұрыс болып, үйінен кетіп қалыпты.

- Қайда?..

- Білмеймін. Арманның інісі аурушаң, білесің ғой. Оны үйінде қалдырып, өзіміз Раушан апайды іздедік.

- Таптыңдар ма?

- Жоқ, таппадық. Күн болса мынау қақап тұр. Ол кісі де аурушаң, қайда барып қонды екен?..

- Жақын арада ешқандай туыстары жоқ па? Мүмкін солардың үйіне кеткен шығар.

- Білмеймін. Мына көрші ауылда туыс ағайы тұрушы еді. Сол жаққа кеткен шығар.

- Енді неге сол жаққа барып қайтпайсыңдар?

- Барайық десек, Арманда да, менде де ақша жоқ. Жаяу баруға тағы алыс жер... Енді кімнен ақша сұрарымды білмей тұрысым мынау. - Арманды аяп кеттім. Қолғанаттың бұл сөздері жүрегіме оқтай қадалды. Не істерімді білмей қалтамдағы бар ақшамды Қолғанаттың қолына ұстата салдым.

- Міне, ал. Ең құрығанда барар жолдарыңа жетер. Қайтарға тағы біреудан аларсыңдар.

- Рахмет! Үлкен рахмет! - деп қолымды қысып Қолғанат далаға жүгіре жөнелді. Артынан ұзақ қарап ойланып кетсем керек, қоңыраудың сыңғырлаған ащы үнін естіп селк ете қалдым. Ақырын бұрылып классқа қарай аяңдадым...

Соңғы екі сабақта мазам кетіп әзер отырдым. Миымда сан сұрақтар бүрқырап, маған маза бермеді. Іштей Арманның шешесінің амандығын тіледім. Түнгі тыныш үйқыдан, балалық бақытты күлкіден айырылғандары үшін Арманды, оның інісін аяп кеттім...

Көз алдымда Арман. Оның шешесі мен аурушаң інісі. Маскүнем әкесі...

Түнімен дөңбекшіп үйықтай алмадым. Таңсәріден тұрып мектепке баруға жиналдым. Үйден тез шығып, мазалап, маған үйқы бермеген ойларымнан арылсам дедім.

Ұзын көше ортасында жалғыз келем. Ызылдай соққан суық жел. Айнала тып-тыныш. Қыбыр еткен жан жоқ. Табиғат та, адамдар да түңғиық үйқыға кеткендей. Тек тынымсыз жел ақ көрпелерін жамылып үйқыда жатқан оларды оятқысы келгендей ызалана соғуда. Ойыма кешегі Қолғанаттың айтқан әңгімесі түсті. Денем тітіркеніп қоя берді. Аялдамаға аяңдап барып отырдым. Жүрегімде Арманға деген бір жұмбақ сезім пайда болды. Ол қандай сезім. Аяушылық сезім бе? Жақсы көру ме?

Бойымды таңғы ызғар алып бара жатыр. Автобусқа отырып мектепке келдім. Күндегідей асыға жүгірген ұл-қыздар әлі көрінбейді. Мектептің үлкен қара есігін ашып ішіне кірдім. Киім ілетін жерде солқылдап жылап тұрған Қолғанатты көргенде жүрегім аузыма тығылды. Бір сұмдықтың болғанын сездім. Жанына жүгіріп барып:

- Не болды? - дедім. Ол жылап тұр. Жұлқылай бастадым. Ол жерге отыра кетті. Мен де түрегеп тұрғанды ерсі көрдім бе, жанына отыра кетіп:

- Не болды? Не сұмдық болды, Қолғанат? - дедім.

- Арман...

Оның сөйлеуге шамасы жоқ. Еңкілдеп көз жасына булығуда. Көзіме жас тығылып, аздан соң мен де жыладым...

- Не болды?..

Арайлым ЕРКІМБАЕВА.

Поэзия

Қанат ұшса, қатаяды

Жастық шақ - кім-кімге де қимас кезең, қымбат сәт қой. Егер осы сәт - албырт та шуақты шақ адам әлемінің мың сан иірімдеріне, өмір-дүние сырларына шексіз сүйіспеншілік-құштарлықпен қарап, өлең-жырмен өріліп, өзгеше өрнек құрап, сыр мен сымбат бейнелі де бедерлі сипат алса ше?

Біз оқып-танысқан Нарбол Қашаған, Кенжегүл Нәшірбектің өлең өнері, жыр мұралары албырт шақтан - кемел кезеңге қадам басқанын, көзқарас эволюциялары мен таным-біліктерінен рухани өсіп-есейгені тәп-тәуір танылады. Бұлардың өлең-өнері тақырып алуандылығымен, мазмұн-түр ерекшеліктерімен де көңілді баурап, сезімді тербеп, әсерлі әлем иірімдерімен назар аудартады. Ізденіс іздерінен өмірге құштарлық, көркемдік өрнектерді өздерінше таныр, таразылауда көңілдері - сергек, ойлары - жүйрік, жүрек-сезімдері алып ұшып-ақ тұр.

Біздің тілек: талап пен талғам табиғи ұштасып, талант терезесін айқара ашса дер едік.

Жыр көмбесінде жылы жүздесейік - Жас талап, Жас талант!

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы
М.О.Әуезов атындағы
Әдеби бірлестіктің жетекшісі

Нарбол ҚАШАҒАН

Өнеге-ғұмыр

(М.Әуезовке)

Мойындатты қазақтың дара
Абайын,
Қалықтатты халықтың қарағайын.
Таныта білді, дамыта білді Ұлыны,
Түрімен емес, тілімен - қарапайым.

Ел үшін, отырған күйі бой жазбай,
Ақтала білген, тоқтала жүрген ойы
аз ба?
Жылу берді, жаураған жарлы жанға,
Борандай соққан аязда.

Халықтың кер тірлігін жаза білді,
Қуанышты, өкпені, аза мұңды.
Көшпен бірге жүрсе де көпті көріп,
Айқындатты бейнеткор қазағымды.

Ажал жетіп, ұлы адам ғайып болды,
Өкініштен қалдық біз, жайып қолды.
Жанымыздан жер жамылып кетсе-
дағы,
Мұнар таудай мұрасы байлық
болды.

Өткергенмен қасіреттің бұлтын көп,
Өмір өтті, көңіл өсті біртіндеп.
Сан жылдар желмен желіп, кетсін
мейлі,
Бірақ ұмытпайды, есіміңді ұлтың
тек.

Кенжегүл НӘШІРБЕК

Тіл туралы толғаныс

Қарай қалсам жәудіреп қыл
қаламым,
Алмайын деп еріксіз қолға аламын.
Қоя тұрып басқасын, мені тыңда
Жас та болсам, тілді айтып
толғанамын.

Ойым - өзен, ал өзім төзімді едім,
Жетемін деп бәріне көз ілмедім.
Өзгенікін алам деп бір-ақ білдім,
Өзімдікі мезетте үзілгенін.

Шерге толды көкірегім, мұңға
батты,
Болашақта күтіп тұр шын қазақты.
Алып керек ақтайтын ел сенімін,
Бір қазақтан жасайтын мың
қазақты.

Айналаңа қарашы, жаулар басым,
Шынымен-ақ бір күні аунар басың.
"Абай жолын" оқиды-ау сансыз
қазақ
Соболевтің құшақтап аударма сын.

Жүрді бір кез келісем, орыстану,
Жеңді емес пе ашық таң, алыста ну.
Әйтеуір бір сол кезді сылтау қылып
Міндет пе екен бәрінен қалыс қалу?

Өзімізше бәріміз кереметпіз,
Керемет боп, төл тілді елемеппіз.
Өткен ұрпақ атынан жас ұрпаққа,
Айтыңдаршы, сұраса, не демекпіз?

Тілді көкке неліктен теңемеске,
Жүреміз бе еліктеп көп елеске?
Басқасы емес, анасы баласымен,
Сөйлеспесе төл тілде сор емес пе?

Көрсетпесең елдікті ісінде сен
Неге жүрсің қазақтың ішінде сен?
Сақтап келген қанымен бабаларым
Туған тілдің кеңдігін түсінбесең.

Қасиетті, қадірлі сөз іңкәрін,
Білмейсің бе айтпай-ақ, досым
бәрін?
"Тіл" сөзінің жылуын толықтыра,
"Ана" сөзі алдына қосылғанын.

Басқа өлсе де өлмейтін,
құламайтын,
Қадірлеуден басқаны сұрамайтын.
Құрбым, қазақ емессің бұл
жалғанда
Иланбасаң тіліне ұлы Абайдың!

Жамбыл бабам тілімен тілдеспесең,
Жамбыл жырын құшақтап бірге
өспесең.
"Қазақпын" деп жалғанда айта
көрме,
"Жамбылым" деп, бауырым, күн
кешпесең!

Қосар әнге "Мұхтар" деп таулар да
үнін,
Көз ашыла, Мұхтармен самғар
білім.
"Қазақпын" деп, әпкетай, айтпашы
сен,
Оқып көрмей Мұхтардың
заңғарлығын.

Туған тілді намыспен тең көрмесең,
Мұқағали өлеңін меңгермесең.
Айналайын, ағатай, ренжи көрме,
Есіңді жи, бар дағы емдел, - десем.

Тілге деген қалса егер мақсат
кірлеп,
Күлмес те күн, шықпас та масақ
гүлдеп.
Жүрегіңде төл тілің жатса лай боп,
Неге айтасың, сұлуым "қазақпын"
деп?

Өзге тілден өзіңше олжа таптың,
Өзге қолдың кірін кеп қолға
жақтың.
Көбейтпей-ақ қой елді "қазақпын"
деп,
Сөйлемесең тілінде сол қазақтың!

УНИВЕРСИТЕТСКИЕ БУДНИ

Выполняя требования Закона республики Казахстан "О гражданской обороне" от 7 мая 1997 года и других основополагающих документов правительства в Казахском государственном национальном университете им. аль-Фараби под руководством ректора член корр. НАН РК профессора Нарибаева К.Н. и его заместителя - проректора доцента Баймырзаева К.М. организованно проводятся плановые мероприятия и обучение сотрудников и студентов приемам и способам самозащиты и оказания помощи пострадавшим при стихийных бедствиях.

На всех факультетах и в структурных подразделениях университета сотрудники, не входящие в состав формирований, объединено проводят обучение в учебных группах по 25-30 человек в каждой, по 12 часовой программе в год. Занятия с ними проводят подготовленные руководители-инструктора учебных групп, назначенные деканами факультетов и руководителями структурных подразделений.

На кафедре безопасности жизнедеятельности, зав кафедрой доцент Винокуров Г.В. с руководителями-инструкторами учебных групп накануне учебного года проводятся двухдневные учебно-методические занятия по той тематике, которую планирует Агентство по чрезвычайным ситуациям и гражданской обороне Республики Казахстан.

С личным составом формирований проводят занятия по 15 часовой программе в год подготовленные специалисты штаба ГО факультетов. По каждой проводимой теме занятий штабом ГО университета разработаны лекции. Они размножены и выданы на каждый факультет и в подразделения. Со специалистами ГО факультетов и подразделений ежемесячно, в первый четверг начала месяца в 15.00 проводятся инструктивно-методические занятия с разъяснением особенностей предстоящей темы проводимых занятий.

В качестве учебного пособия штабом ГО университета в этом году издана и отпечатана в своей типографии книга в 185 стр. "Оптимальные задачи подготовки сотрудников и студентов к действиям при чрезвычайных ситуациях" с освещением обязанностей руководящего состава ректората и должностных лиц подразделений. Раскрыты требования основных законов Республики Казахстан по гражданской обороне и задачи личного состава формирований, вытекающие из них. Правила поведения и действия командно-штабные и тактико-специальные учения с руководящим составом и с личным составом формирований. На учениях всегда присутствуют руководители ректората, деканы факультетов, начальники управлений, отделов и служб.

Перед началом учений личного состава формирований отрабатывают показательные выступления наилучшие спортсмены кафедры физического воспитания и спорта по ритмической гимнастике, акробатике, рукопашному бою и другим видам спорта в музыкальном сопровождений. Организация прекрасного зрелища показательных выступлений мастеров спорта является огромной заслугой зав.кафедрой доцента Арешенко А.И. и завуча Ломоносовой Т.С.

После спортсменов на поле стадиона выходят приглашенные от войсковой части, солдаты с служебно-розыскными собаками для отработки специальных вопросов розыска пострадавших "в разрушенных зданиях" и завалах. По окончании отработки солдатами заданных вопросов, на трибунах стадиона, разместивших участников учений и большое количество зрителей, раздаются громкие аплодисменты, переходящие в овации.

В тактико-специальном учении принимают участие, как правило, формирования от всех факультетов и структурных подразделений. В этом году в учениях участвовали: 7 спасательных команд, 5 санитарных дружин, 2 группы радиационной и химической разведки, пункт выдачи средств индивидуальной защиты и другие группы и звенья, всего 650 человек. Команды выступали на поле стадиона у разных футбольных ворот по два одновременно, от каждого вида формирований , по одним и тем же 6 заданным вопросам, для каждого вида формирования, соревнуясь друг с другом.

Проводимая форма учений, положившая в основу состязательность формирований, позволяет улучшить его качество и совершенствовать отрабатываемый материал участниками учений

Совместно с нашим комплексным учение проводят учение по своей программе и комбинат питания "КазГуград" директор Долговязова Н.А. Они отрабатывают вопросы организации приготовления и раздачи пищи населению в условиях ликвидации последствий стихийных бедствий.

На весь состав участников учений, по нашей заявке, они приготовили на стадионе, в походных кухнях, вкусный обед из 3-х блюд по 60 тенге на каждого, за счет средств университета. Большой похвалы сотрудники Комбината питания заслужили от участников учений за высокое качество приготовленного обеда и торговое обслуживание через развернутый на стадионе буфет.

За высокие показатели по руководству формированиями и умелые действия в системе ГО приказом ректора поощрены деньгами, грамотами и объявлены благодарности 188 человек.

Накануне ежегодно отмечаемого в октябре всемирного дня ГО, руководство гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций города Алматы и Бостандыкского района поручило университету подготовить и провести на кафедре безопасности жизнедеятельности открытый урок по изучению основ гражданской обороны со студентами, изучающими безопасность жизнедеятельности, приемы и правила эксплуатации средств индивидуальной защиты, оказанию медицинской помощи пострадавшим.

Такой урок нами был подготовлен и проведен 12 октября. Весь ход занятий был заснят сотрудниками телевидения на видеопленку и показан по центральному телеканалу "Хабар" в 18 00 того же дня. Многие, смотревшие эту передачу высказывали хорошие отзывы об увиденной по телевидению подготовке сотрудников и студентов по ГО и организации проведения открытого урока.

Принимая во внимание резко выраженную сложность сейсмической обстановки в мире и в Республике Казахстан, необходимо всему населению республики и в особенности областей южного региона, проникнуться чувством глубокой ответственности за подготовку самих себя, близких и родных по сохранению жизни и здоровья при стихийных бедствиях. В этих целях необходимо совершенствовать свои знания по ГО в практической жизни, с учетом современных требований. Перед стихией все люди равны, но различие между ними будет зависеть от их эрудиции, знаний приемов и способов защиты себя, родных и близких при землетрясениях и других стихийных бедствиях. Поэтому рекомендуется всем жителям Республики Казахстан, и в особенности южных областей, со строгой скрупулезностью и пунктуальностью научиться применять различные приемы и способы самозащиты, защиты родных и близких при экстремальных ситуациях.

В.В. СЕРКОВ,
начальник штаба ГО КазГУ

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Шәкірттерге адал ұстаз

Ұстаз мақсаты – шәкірт жүрегіне жол табу, білімін көтеріп, елге пайдалы бір азамат тәрбиелеу. Осы жолда еңбек етіп келе жатқан ұстаздарымыздың бірі – Дәмегүл Баялиева апайымыз. Апайды мен тек жақсы ұстаз ретінде ғана емес, білікті тәрбиеші, сезімтал психолог, ал ең бастысы жан сырынды түсіне білетін ақылшы ана ретінде жоғары бағалаймын.

Ардақты ана, ұлағатты ұстаз қызы Әсел, немересі Елнүрмен бірге.

Өзіміз күнделікті оқу корпусынан көріп жүретін осы бір әдемі апайдан дәріс алудың сәті бізге үшінші курста ғана түсті. Алғашқы сабаққа кірген апайды бәріміз бір жағы сынай, бір жағы қызыға қарсы алдық. Ұстазымыз дәрісін өмірмен сабақтастыра отырып, жеңіл, түсінікті жеткізіп жатыр. Сол күні әшейінде өтпей тұрып алатын уақыттың пікірталас, сұрақ-жауаппен қалай тез өтіп кеткенін байқамай да қалдық. Апай бәріне ұнаған сияқты. Бірі – о, апайдың даусы әдемі екен,-деп, бірі – сабақты жүргізу тәсілі тамаша екен, -деп, соңында – біздің апай барлық жағынан "во!",-деп бас бармақты шошайтып баға бердік.

Енді өзіміздің де бағаланар кезіміз келді. Келесі апта семинар сабағы. ...Ауылдағы еркін күндердің әсерінен айыға алмай жүргендіктен болар, сол күнгі сабаққа Ерліктен басқа ешқайсымыз дайындалып келмеппіз. Топтағы жалғыз жігітке қалған он екі қыз қолқа сала бастадық.

– Ереке, сенеріміз өзіңсің. Көп сөйлеуге тырыс. Сосын біз сұрақ қойып бердене қылармыз, ар жағын, - деп жанталасып отырған соң:

– Ал енді өткен сабақты пысықтайық. Нені түсіндіңдер, өткен тақырыпқа өз тараптарыннан не қоса алдыңдар? Кім сөйлейді? – деді.

Біз Ерлікке қарадық. Ол қолын көтеріп тақтаға шықты. Содан Ерекең анда-санда дәптеріне қарап қойып, сөйлеп кетті. Апай да шәкіртінің сөзін бөлмей отыр. Минут өтті, ... Ерлік әлі көсіліп тұр. Бағанағы сұрақ қойып семинарды жалғастырамыз дегенді ұмытқан қыздар жағы еркінсіп өз шаруамызбен айналыса бастадық. Тек анда-санда:

– Солай ма? Неге? – деп қыстырылып қоямыз. Әбден қызып алған Ерлік тақырыпты дамытып, "қалай?" деген сайын күлаштай түседі. Бір кезде апай Ерлікті тоқтатты да: – Құралай, өз сұрағыңа қанағаттандың ба? Шолпан, менінше Ерлік дұрыс айтпай тұрған секілді, сен қалай ойлайсың, - деді тосыннан.

Сонда ғана апайдың біздің қылығымызды түсінгенін біле қойдық. Бәріміз басымызды төмен салып үнсіз отырмыз. Тыныштықты апайдың өзі бұзды:

– Сабаққа дайындықсыз келсем, өзімді-өзім кешірмеймін. Себебі, сендер білімдеріне-білім қосуға келген. арналарынды ізденіспен толықтырғысы келетін мөлдір, таза бұлақсыңдар. Дайындықсыз келіп, сендердің тұнық тарынды лайлау – мен үшін, сендер үшін - үлкен күнә. Сендерден де сондай адалдық күтемін – деді.

Зекіген жоқ. Үні салмақты естілді. Ал бізге осы екі үш ауыз сөздің өзі жеткілікті еді. Содан бастап сабаққа дайындықсыз келмеуге, әдемі апайдың жүзіне қаяу түсірмеуге тырыстық. Топтағы бір студент сабаққа келмей қалса, оны ауырды, немесе бір жағдай болғаннан емес, дайындығы болмаған соң сабаққа келмегенін өзара түсінетінбіз.

Апай да біздің жанымызды ұқты. Біреудің қуанышына қуана білу де әркімнің қолынан келе бермейді. Дәмегүл апайдың үлкен жүректі адам екендігі де осында. Ол кісі студенттердің кішкентай бір қуанышына дейін елеп, ескеріп отырады. Баспасөз бетінде жарық көрген кішкентай мақаламыз болса да талдап, кемшілігі мен жетістігін айтады. Туған күні болғандарды міндетті түрде құттықтап, жылы лебіздерін жолдайды.

Дәмегүл апай– біздің қиын сәтте қолұшын беріп, қуанышымызды алғашқылардың бірі болып құттықтайтын жанашыр дос, ақылшы ана, сүйікті ұстазымыз.

Айнұр СЕМБАЕВА.

"ПАРАСАТТЫҢ" ҮШІНШІ ОҚУ СЕМЕСТРІ

ҚазМУ қызметкерлерінің кәсіби одағы қалалық Әділет басқармасында қайтадан тіркеліп, енді "Парасат" деп аталатын болды. Соңғы жылдары дәстүрге айналған игі істердің бірі – жазғы каникул кезінде университеттің Ыстық-Көл жағасында орналасқан спорттық-айықтыру лагерінде өткізіліп жүрген семинарлар.

"Парасат" кәсіби одағы спорттық лагердегі жазғы демалыс маусымының тілек білдірушілер санынының аздығымен ерекшеленетін алғашқы және соңғы кезендерінде екі бірдей семинар ұйымдастырды. Оның алғашқысы Қазақстан Республикасының "Қазақстандағы еңбек туралы" заңына арналған болса, екіншісі нарық қысқан мына замандағы қайшылықтарға төзімділікке үйрету мақсатын көздеді. Семинар дәрістерінің тыңдаушылары – "Парасат" кәсіби одағының белсенділері мен қарапайым мүшелері – университетіміздегі оқу үрдісін қамтамасыз етіп жүрген әдістемешілер және студенттерден емтихан қабылдап бітіп, жазғы демалысқа шыққан оқытушы-профессорлар, олардың Алматы жоғары оқу орындары мен ғылыми-өндірістік мекемелердегі әріптестері, облыстық Кәсіподақтар кеңесі қызметкерлері.

"Қазақстандағы еңбек туралы" заң бойынша өткен сабақтарды"Құқықтық бастама" ("Правовая инициатива") заңгерлер қоғамдық бірлестігінің оқытушысы Вера Сергунина басқарды. Сабақ барысында тыңдаушы - кәсіподақшылар заңды қолдану аясы, онда қарастырылған қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі, қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастары жайлы, ұжымдық жеке еңбек шарттарының мазмұны, оларды құру мен бұзу, жұмыс және демалыс уақыттары, оларды дұрыс пайдалану, еңбекақы мен оны нормалау, кепілдіктер мен жеңілдіктер, еңбек қатынастарында қолданылатын марапаттау мен жазалау шаралары, еңбек даулары мен оларды шешу тәртібі туралы көптеген пайдалы мәліметтер алды. Қолданылған үлестіру материалдары тиімді пайдаланылып, тілге тиек болған тақырыптарға құрылған кәсіби ойындар өте қызықты өтті.

Азаматтық,қоғам құруға тәрбиелеуге бағышталған "Толеранттық" (латынның tolerantia – төзімділік, кешірімділік деген сөзінен) деген атаумен өткен семинардың да бүгінгі күн тақырыбына сай, өте тартымды жүргізілгенін атап кетуіміз керек. Семинардың кәсіподақ мүшелерінің күнделікті өмірінде (жұмыс орнында да, тұрмыста да) кездесіп отыратын келіспеушіліктер мен көзқарас қайшылықтарын, ой-таластар мен қақтығыстарды оңай шешіп, өз әріптестерімен ауызбірлікте жұмыс істеуіне, оларға мейірімділік пен төзімділік көрсетіп, кешірімді бола білуіне көп септік ететініне сеніміміз зор. Екінші семинарды қалалық Қайшылықтарды зерттеу орталығының білікті мамандары – Зимина Лада мен Бекмамбетова Светлана жүргізді. Семинарлар Ыстық-Көл жағасындағы спорттық-айықтыру лагерінде ұйымдастырылғандықтан тыңдаушылардың сабақтан тыс уақыттары да өте көңілді, пайдалы өтті. Тыңдаушылар көрсеткен көмегі үшін лагерь басшысы Қ.Б.Мәдиев пен жазғы демалыс кезінде нүсқаушылық қызмет атқарып жүрген денешынықтыру кафедрасы оқытушыларына дән риза. Демалыс кезіндегі спорт жарыстарында озып шыққан дем алушылар мен семинар тыңдаушыларына "Парасат" кәсіби одағы тағайындаған бағалы сыйлықтар мен жүлделер тапсырылды. Кәсіподақ мүшелері жазғы маусымнан сауығып, ой өрістері кеңейіп, көңілді серпіліспен оралды.

Осы материал дайындалып жатқанда "Парасат" ҚазМУ шаңырағы астында тағы да "Құқықтық бастама" бірлестігімен бірігіп Қазақстан Республикасының "Неке мен отбасы туралы" заңы бойынша семинар өткізді (оқытушысы – В.Сергунина). Оған кәсіподақ бөлімшелеріне мүше - университеттің қызметкер әйелдері қатысып, пәрменділік танытты.

Болат Әбенов,
"Парасат" кәсіби одағы комитетінің мүшесі.

БАСПАМЫЗДЫҢ БАЗАРЛЫҒЫ

Мерейтойға тарту

Әмір МОЛДАБЕКОВ. "Хабардың" бес белесі". Оқу құралы. Қазақ университеті, 2000. 500 дана. -103 бет.

23 қазанда "Хабар" агенттігі өзінің құрылғанының 5 жыл толуын атап өтті. Осы мерейтой қарсаңында журналистика факультетінің аға оқытушысы Әмір Молдабеков агенттік ұжымының осы уақыт ішінде қол жеткізген табыстары мен әлі де болса толыспай жатқан олқылықтарын ғылыми негізде зерделеген зерттеу еңбегін тарту етті.

Еңбек авторы осы саланың маманы болғандықтан алдына қойған мақсат-міндетін толықтай орындап шыққан.

Фактілер мен деректерге, дәлелдер мен дәйектерге негізделген бұл кітап тележурналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ журналистика әлеміне құштар оқырмандарға арналған.

Дариға.

СЫР САНДЫҚТЫ АШЫП ҚАРА...

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

Гордость коллектива

3 ноября 2000 года исполняется 75 лет ведущему доценту кафедры органической химии и химии природных соединений, участнику Великой Отечественной войны, ветерану труда, Отличнику народного образования Республики Казахстан Серику Ахметовичу Юсупову.

С.А.Юсупов в 1940 году поступил в Алма-Атинский железнодорожный техникум, в 1942 году призван в армию и после окончания пулеметного училища г. Термеза в 1943 году, воевал на фронте.

Боевое крещение получил во время Корсунь-Шевченковского сражения, затем были Курская и Ясса-Кишиневская операции, бои за Будапешт, Вену, Прагу.

При освобождении Вены Серик Ахметович был ранен и после месячного лечения снова ушел на фронт в бой за Брно.

В 1945 году для Серика Ахметовича война не закончилась, 9 мая еще шли бои за Прагу, а 9 июня он был уже в Монголии, откуда через пустыню Гоби, через Малый и Большой Хинган дошел до Мукдена, освобождал этот город, а затем Харбин и Порт-Артур... И только в октябре 1946 года войска Восточного фронта вернулись в Союз.

Весной 1947 года он был демобилизован и в том же году поступил на I курс химического факультета КазГУ. Сокурсники вспоминали как учились ребята-фронтовики. Это была гордость факультета, пример отношения к учебе, к общественным обязанностям, к окружающим товарищам, пример дружбы, взаимовыручки, уважения к науке.

В 1952 году, после окончания химфака Серик Ахметович работал на Лениногорском свинцово-цинковом комбинате, затем преподавал в техникуме, а в 1956 году по приглашению А.Ш.Шарифканова и Т.К.Чумбалова поступил в аспирантуру при кафедре органической химии. Успешно защитил кандидатскую диссертацию, работал ассистентом кафедры, доцентом. До сих пор Серик Ахметович читает один из основных фундаментальных курсов химий – "Органическая химия" и специальные курсы: "Теоретические основы органической химии", "Химия азотсодержащих гетероциклов", "Стерео-химия", "Синтез биологических активных веществ", "Технология синтеза препаратов для сельского хозяйства".

Научная деятельность С.А.Юсупова связана с подготовкой высококвалифицированных кадров в области тонкого органического синтеза. Под его руководством защищено 6 кандидатских диссертаций. Серик Ахметович Юсупов признан лучшим лектором факультета. Это удивительно доброжелательный, работоспособный, чуткий, отзывчивый, ровный в обращении со всеми, скромный труженик. Сотрудники кафедры органической химии и химии природных соединений, всего химического факультета гордятся тем, что многие годы работают рядом с неординарным человеком, обладающим энциклопедическими знаниями во многих областях науки, имеющим большой жизненный опыт и удивительное трудолюбие.

Каждый год 9 мая на лацкане пиджака Серика Ахметовича блестят два ордена Отечественной войны I степени, орден Красной Звезды и 14 медалей: За боевые заслуги, За освобождение Вены, Будапешта, Праги и других городов, где с боями прошел младший лейтенант из Казахстана Юсупов Серик Ахметович.

В день 75 летнего юбилея, поздравляя дорогого коллегу и учителя, коллектив химического факультета желает С.А.Юсупову крепкого здоровья, благополучия и бодрости на долгие годы.

Коллектив химического факультета

ТАЛҒАМ

Классикалық музыканы тыңдасақ...

Қазақ халқы тумысынан музыкаға, әнге жаны жақын ел ғой. Музыка жүректі елжіретіп, сезімінді толқытып, мұңайған көңілді ғажайып әуен әлемінің қойнауына баурап алады. Бірақ музыкаға деген әркімнің толғауы, талғамы бөлек. Біреу классикалық музыканы, джазды, рокты ұнатса, біреу эстраданы, халық әндерін сүйер. Бірақ жастарымыздың "бүйрегі бұрып тұратыны" шетел мен орыс әндері. Дегенмен бізде де Роза Рымбаева, Жанар Айжанова, Марат Омаров, АБК тобы сияқты ауыз толтырып айтарлықтай өнерпаздарымыз да баршылық. Олардың қатары күннен-күнге толығуда.

Мен де тек қана эстрада әндерін тыңдаумен шектелуші едім. Өсе келе әкем музыкант болғандықтан маған нағыз музыканы тыңдатты. Классиканың жан-дүниесін түсінбегендіктен, білмегендіктен қызықпаппын Ал қазір байқап көрсем маған сырын ашпаған бір өзгеше тылсым дүние екен.

Әкем бар білгенін менен аямады. Әңгімесінің бірінде жақын арада Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияда республикалық үрмелі аспаптар оркестрінің он жылдық юбилей концерті болатындығын айтты. "Мың рет естігенше бір рет көзбен көр" демекші, естіп жүрген оркестрдің концертіне әкемді тарттым.

Филармония залын көзбен шолып өткенде көбінесе егде жастағы Алматы интеллигенциясының жиналғанын көрдім. Бір қуантарлықтай жай, жас көрермендер де концертті тамашалауға көп келген.

Он жыл көп уақыт болмағанымен жетпіс музыканттан тұратын оркестр орындайтын шығармалар санын екі жүзден асырған. Шығармалары фольклор, классика, джаз және рок сияқты әр түрлі жанрларда.

Туған қазақ жерінде, әсіресе жастар арасында онша танымал болмағанымен, жақын және алыс шет елдерде бай репертуарларымен, кәсіби шеберліктерімен, талантты дирижерлерімен белгілі. Мысалы, оркестр Россия. Франция, Италия, Тайвань аралында болған фестивальдарда жүлделі орынға ие болып. дипломдар мен сыйлықтарды қанжығасына байлап оралған. Оркестрдің бас дирижері Қанат Ахметов пен Александр Беляков Халықаралық конкурстар лауреаттары, Бүкіләлемдік үрмелі аспаптар оркестрлері мен ансамбльдері ассамблеясының мүшелері.

Оркестрдің орындаған шығармалары компакт дискімен Венада, Тайваньда, Англия мен Америкада кең тараған. Музыканттардың жартысынан көбі аймақтық және халықаралық конкурстар лауреаттары. Оркестрдің "Мемлекеттер мен континенттерде", "Маусым қонағы", "Айналамыздағы музыка" деген сияқты жалпы саны жүз жиырмаға тең концерттік бағдарламалары бар. Осы он жыл бойында Роза Рымбаева, Юрий Клушкин, Майра Мұхамедқызы, Гафиз Есімовтар сынды өнерпаздар оркестрмен тығыз байланыс жасауда екен.

Музыканттар соңғы шығармасын орындағаннан кейін, зал орнынан тұрып ұзақ уақыт қол соқты. Сахна лезде, гүл шоқтарына толып кетті. Музыканттардың жүздері нұрланып, көрермендер құрметіне алғыс білдіргендей иіліп тағзым етті.

Үйге қайтар жолда әкеммен концерт жайлы пікір таластық, ой бөлістік.

Түн қараңғы болғанымен әр жерлерде жанып тұрған шам сәулесінен айнала жап-жарық. Қала ояу, күйкі-тірлікпен жүрген жұрт, зуылдаған машиналар. Бірақ мен концерттен алған әсерімнен, ойлану мен толғанудан бұның бірін де байқаған жоқпын.

Ләззат АХМЕТЖАН.



ТАНЫМ

Студенттің "жеңгетайы" парта ма?

Аудитория тым-тырыс. Барлығы ағайды үйып тыңдап отыр. Мен партадағы жазуларға үңіліп сабаққа қатысқандай болып отырмын. Парта жаңа оқу жылына қарсы сырланып, ретке келтірілгенімен, үстіндегі ою-өрнек, жазулар мен жүрекшелерге қарап, қыз-жігіттің сыр сандығына айналған ба дедім. Біреудің күнделігін рұқсатсыз оқып отырғандай, көзімнің қырымен қасымдағыларға сездірмей қарап қоямын. Менде ешкімнің шаруасы жоқ сияқты. Ағай байқап қоймасын дегендей, партаға қайтадан көз тастадым. Көзіме "жаным" деген сөз оттай басылды. Тайға таңба басқандай ойып тұрып, қызыл сиямен жазып қойған. Жақсы сөз жанға жылы тиіп, ары қарай оқуға құмарлана түстім. Соңына дейін оқып та шықтым. Ол мына түрдегі қыз-жігіттің сырласуы еді.

- Жаным Маулен! Мен сені сүйемін. Сен неге түсінбейсің? Жауап күтемін. Сәлеммен сені сүюші Жанка.

- Жанка, кешір! Мен жігітке өзі қол созған қызды ұнатпаймын. Өзі сүю қыздың соры ғана. Сен әдемі, ақылды қызсың, бірақ намысыңды бұлай қорлама.

- Мені кінәлама, кешірерсің, Маулен.

Иә, жаным деген жақсы сөз. Бірақ жазылған жайдың жаңғырығы еріксіз ойға қалдырады. "Бұл жазылған сезімдер шынайы ма екен? Шын сүйгендер, көңілге түйгендерін жеңгесі немесе досы арқылы нәзіктік, сыпайылықпен білдірмеуші ме еді, шын махаббаттың белгісі осындай ма?" деген сұрақтар жан-жақтан сумандап, жауап күтіп, мазаны алады. Бұған қарап "кейбір құрбылардың жеңгетайы парта болғаны ғой" деген қорытындыға келесің.

Айбарша МҰХАЛИ.

Қайыршыда қайыр жоқ

Үйге жету үшін аялдамада автобус күтіп, біраз уақыт тұрып қалдым. Бір жас келіншек келіп, жолаушылардан қайыр сұрап жүрді. Шеткері жылжыған менің де қасыма келіп: "Қызым, көмек беріндерші, басымда үйім, істейтін жұмысым жоқ. Міне, қолымды сындырып емделуге ақша таба алмадым. Ақшам жоқ, қарным аш, бұл өтірігім емес, көмектесіндерші, ішімдік пен шылымға жақындығым жоқ", - деп жыламсырады.

Әйелге жаным ашып, жиырма теңге бердім. Басқа жолаушылар да бес-он теңгеден тастады. Ол әйел рахметін айтып, ақ тілек тілеп кете барды. Сол мезетте автобус та кілт тоқтады. Қасыма бір карт ана келіп: "Қызым, жаңағы әйелге неге ақшаңды бердің?" деді. Мен әйелдің айтқанын айттым да, жаным ашып, көмектескенімді білдірдім. Әлгі карт ана: "Е, қызым, сол ақшаға бір нан алып жесе ғой солар" деп кейіді.

Мен үнсіз ойланып қалдым. Ертеңінде сол аялдамаға тағы келе жатсам, кешегі әйел қасында бір-екі әйел бар, ішімдік ішіп отыр екен. Денем тітіркеніп кетті. Кеше жаным ашыса, бүгін жиіркеніштүрмен қарап қасынан өте шықтым.

Жәнібек КӘКЕЙҚЫЗЫ.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;
Бас редактордың орынбасары - Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,
Жауапты хатшы - Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Теруші-көркемдеуші - Айтгүл БАБАСОВА;
Фототілші - Арман СӘРСЕНБИЕВ.
Нөмірдің кезекші редакторы - Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Л.С.АХМЕТОВА - *проректор;*
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ - *проректор;*
Е.ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - *декан;*
Н.ОМАШҰЛЫ - *декан;*
В.М.БОЛДЫРЕВ - *декан;*
Б.ЖАҚЫП - *кафедра меңгерушісі:*
Д.АБАЕВ - *студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы.*

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1008 бөлме. Тел.: 1194.

Нөмір "Полиграфсервис" баспасында (Жандосов көшесі-55) 25.09.2000 күні басылып шықты.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т.

Индексі 65989. № 362 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.